

Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының деңсаулық сактау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық стоматологиялық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 1 шағын аудан, медицина калашығы, стоматологиялық емхана ғимараты; тел: 8 (7292) 50 73 84

**БҮЙРЫҚ
№ 104**

Ақтау қаласы

11.05.2023 ж.

**«Облыстық стоматология орталығы»
ШЖҚ МҚК сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік
ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 41-тармақшасының талаптарына сәйкес

Б Ү Й Р А М Ы Н :

1. «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 қантардағы № 112 бұйрығымен «Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ереже бекітілсін (№ 1 Қосымша).

2. Мамандар және есеп бөліміне «Облыстық стоматология орталығы» ШЖҚ МҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері штат бірлігі енгізіліп оның жалақысы бекітілсін.

3. «Облыстық стоматология орталығы» ШЖҚ МҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлға ретінде директордың орынбасары Р.Б.Тасбулатова болып табылсын.

4. Осы бұйрықтың сакталуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Қ.С.Машырықов



МАНГЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖУРГАЗУ ҚҰҚЫҚЫНДАФЫ
«ОБЛЫСТЫҚ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ
ОРТАЛЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ОБЛАСТНОЙ
СТОМАТОЛОГИЧЕСКИЙ ЦЕНТР»
УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ АКИМАТА
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

130000, Kazakhstan Republic, Mangystau region, Aktau city.
1 shalyan aul, medical, dental clinic, address: 150000, Kazakhstan Republic, Mangystau region, Aktau city.
Tel: +7 72 92 50-73-64 E-mail: Obastompoltek.ru

130000 Republic of Kazakhstan, Mangystau region, city of Aktau
Microdistrict 1, medical town, building of stomatological polyclinic
Tel: +7 72 92 50-29-87 E-mail: Obastompoltek.ru

№ 228
11.05.2023 ж.

«Қазақстан Республикасының
Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-
кимыл агенттігінің (Сыбайлар
жемқорлыққа қарсы қызмет)
Манғыстау облысы бойынша
департаменті» РММ-нің басшысының
бірінші орынбасары м.у.а.
Б.Хайруллинге

2023 жылғы 17 сәуірдегі №25-1-10-689 санды хатынызға
сәйкес «Облыстық стоматология орталығы» ШЖҚ МҚҚ Сыбайлар
жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Улгілік ережесі және
комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын қызметкерді тағайындау
туралы талаптарыңыз орындалғаны және мекеменің Байқау кенесінің кезекті
отырысында Ереженің қаралатыны туралы хабарлаймыз.

Тіркеледі: бұйрық және Улгілік ереже көшірмесі.



Қ.Машырықов



№1 Қосымша

«Облыстық стоматология орталығы» ШЖҚ МҚҚ
директорының 2023 жылы 11 мамыр №_104_
санды бұйрығымен бекітілген

«Облыстық стоматология орталығы» ШЖҚ МҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы

Үлгілік ЕРЕЖЕ

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 қантардағы № 112 бұйрығымен «Облыстық стоматология орталығы» ШЖҚ МҚҚ (бұдан әрі – Қесіпорын) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) бекітілді. Үлгілік ережеде:

Қесіпорын негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын Қесіпорының басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты Қесіпорының тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қесіпорының құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тындаиды;

Кесіпорының басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қесіпорының қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Кәсіпорында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Кәсіпорын басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес, уәкілетті мемлекеттік органға жүгінеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 22-бабы 1-тармағына сәйкес – барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, Кәсіпорын мен лауазымды адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, Кәсіпорын басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.